

## Облыс кенттері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтері әкімдерінің жұмыс тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

1999 жылғы 8 сәуірдегі Павлодар облысы әкімінің N 61 шешімі Павлодар облысының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 сәуірде N 139 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.*

Облыс кенттері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтері әкімдерінің тиісті аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында шешім қабылдаймын:

1. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдері облыс кенттері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтері әкімдерінің заңмен берілген құзырларын тиімді орындау үшін қажетті жағдай жасау жөніндегі шаралар қабылдасын. Бір ай мерзім ішінде кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің атқарушы органдарының мүлкін түгендеп, оларды материалдық-техникалық жағынан жарақтандыру мүмкіндігін і з д е с т і р е т і н б о л с ы н .

2. Облыс мемлекеттік қызмет департаменті (М.М. Серғазин): бір ай мерзім ішінде кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің атқарушы органдарын нормативтік және ұйымдастыру-реттеу құжаттарымен қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерін мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі мекемелерінде үздіксіз оқытуды ұйымдастырсын.

3. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдері, облыс бойынша қаржы басқармасы (С.Ө. Есімханов) облыс кенттері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтері әкімдерінің салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жинауды жақсарту жөніндегі қызметін қаржыландырудың үлгі тәртібін (қоса тіркеліп отыр) қолдану және экономикалық жағынан ынталандыру жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын ж ү з е г е а с ы р с ы н .

4. Облыс тұрғын үй құрылысы және коммуналдық шаруашылық департаменті (Ю.Н. Шкроба) облыс қалалары мен елді мекендерін көріктендіру, санитарлық

жай-күйін және олардың аумақтарында жас көшеттерді қорғауды қамтамасыз ету ережелерін 1999 жылғы 1 маусымға дейін жасап, оны белгіленген тәртіпте облыстық мәслихат сессиясының қарауына енгізетін болсын.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Оспановқа жүктелсін.

Облыс	әкімінің	Облыс	әкімі
"8" сәуір	N 61	1999	жылғы
		шешіміне	қосымша

Облыс кенттері, ауылдары (селолары) және ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді жинау жөніндегі қызметін қаржыландырудың және экономикалық ынталандырудың  
Ү Л Г І Т Ә Р Т І Б І

Осы тәртіп кенттердің, ауылдардың (селолардың) және ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің қызметін салықтардың жиналу деңгейіне сәйкес қаржы жағынан ынталандыру мақсатымен жасалды.

Тиісті мәслихаттар бюджет көлемдерін бекіткеннен кейін аудандық қаржы бөлімдері 10 күн мерзім ішінде кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер бойынша кірістер түрлері жөніндегі жазба жоспарын жасап, аудан әкімінің, салық комитетінің және кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің назарына жеткізеді.

Салық комитеттері ай сайын, есеп беру айынан кейінгі әр айдың 5-нен кешіктірмей, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер бойынша төлемдердің түсу жоспарының орындалуы туралы мәліметтерді сыйақы беру және көріктендіруге қаржы бөлу мәселелерін шешу үшін аудан әкіміне беріп  
о т ы р а д ы .

Кенттердің, ауылдардың (селолардың) және ауылдық (селолық) округтер әкімдері салықтар жинауды жақсарту жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуы туралы ай сайын аудан әкімі алдында есеп береді.

Сыйақы беру шарттары

Салықтар жөніндегі жоспар толық көлемінде (100 %) орындалса, заңда көзделген ай сайынғы сыйақы төленеді.

Сыйақы салықтар жөніндегі жоспардың асыра орындалуына байланысты

төленеді - асыра орындалған әрбір процент үшін ынталандыру төлемі сыйақы қорының 10 проценті мөлшерінде өседі;

Салықтар жөніндегі жоспар орындалмаса, орындалмаған әрбір процент үшін ай сайынғы сыйақы мөлшері кемітіледі, бірақ 10 проценттен көм емес.

Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ бойынша кірістер түсімнің жоспары орындалмаса, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін смета бойынша бөлінетін қаржы мөлшері есеп беру кезеңінде жоспардың орындалу процентіне сәйкес өзгертіледі. Көріктендіру жұмыстарын қаржыландыру шарттары Салықтар жөніндегі жоспардың асыра орындалуы қамтамасыз етілсе, кентке, ауылға (селоға), ауылдық (селолық) округке есеп беру кезеңінде көріктендіру жұмыстарына смета бойынша көзделінген қаржының 20 процентіне дейін елді мекенді көріктендіруге жұмыстарына бөлінетін қаржы мөлшері салықтар жинау жөніндегі жоспардың орындалмаған проценті мөлшерінде азайтылады. (исп. А . Т а т а р к о в )